

Тайженова Д.М.

**Қазақ әдеби тілі
өміршеңдігінің
ғылыми негіздері**

Бұл мақалада қазақ әдеби тілін «өміршеңдік» өлшемі негізінде қайта зерттеп-зерделеу бағыты басты нысаны болып табылады. «Өміршеңдік» тіл білімінде «виталдылық» ұғымымен қатар қолданылатын тілдік категория болып табылады. Оның категория болатын себебін, бір жағынан, тілдің жанды құбылыс екендігімен байланыстырса, екінші жағынан, оның тіл жанрларының барлық қабатында белсенді қызмет атқаруын негізге алады. Осылайша, қазақ әдеби тілінің «өміршеңдік» сипаты қазақ тілі білімінің жаңа ғылыми-зерттеу бағыты тұрғысынан қайта қарастырылады.

Түйін сөздер: өміршеңдік, витализм, виталдылық, қазақ әдеби тілі, әдеби тіл, әдеби тіл жүйесі.

Tayzhenova D.M.

**Scientific bases of the vitality of
the Kazakh literary language**

This article based on the «viable measure» of Kazakh literary language and to explore it's re-direction form of the study. In linguistic's «the viably» used with the concept of vitalistic. On the one hand, it's cause of category will be as a living-phenomenon, in the other hand, all the language genres are based on it's active functioning. Thus, Kazakh literary language's «viably» feature will be review in the new research side of Kazakh linguistic study.

Key words: viability, vitalism, vitality, kazakh literary language, literary language system.

Тайженова Д.М.

**Научные основы витальности
казахского литературного
языка**

Главный объект статьи является переисследованием казахско-литературного языка в размере «жизненности». На языкознании «Жизненность» является языковым категорием применяющий с понятием «витальность». Причиной званий категорием объясняет с одной стороны то, что язык это живая явления, с другой стороны она активна во всех языковых жанрах. Вот так, заново рассматривается новый подход научно-исследовательский направление языкознания казахского языка характер литературного жизненности.

Ключевые слова: жизнеспособность, витализм, витальность, казахский литературный язык, система литературного языка.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ ӨМІРШЕНДІГІНІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

«Өміршендік» тіл білімінде «виталдылық» ұғымымен қатар қолданылатын тілдік категория. Оның категория болатын себебі, бір жағынан, тілдің жанды құбылыс екендігі болса, екінші жағынан, оның тіл жанрларының барлық қабатында белсенді қызмет атқаруы болып табылады. Соның ішінде қазақ тілі білімінің анасы – қазақ әдеби тілінің «өміршендік» сипаты қазақ тілі білімінің жаңа ғылыми-зерттеу бағытының негізгі нысаны болып отыр.

Қазақ әдеби тілінің өміршендігін жаңа ғылыми-зерттеу бағытында сипаттау үшін, ең алдымен «өміршендік» ұғымының тілдік сипатын ашып алудан тұрады. Осы тұрғыдан келгенде, «өміршендік» ұғымының мәнін ашып беретін бірнеше сөздіктерге зер салдық. Соған сәйкес, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Өміршендік. Өмірге бейімділік, икемділік» [1, 653] деп беріледі де, бірақ оның лингвистикалық мәнін ашатын анықтама келтірілмейді. Басқа да сөздіктерде, атап айтқанда, «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» [2] мен «Қазақ сөздігінде» [3] де осы ұғымның екінші және үшінші мағыналары ашып көрсетілмеген.

Алайда, «виталдылық» ұғымының терминдік тамыры болып есептелетін «витализм» термині арқылы «өміршендік» тілдік категориясының қалыптасуына көз жеткізе аламыз: «Витализм [лат. vitalis] зат. Ағзада түсініп болмайтын ерекше бір материалдық емес «өмірлік күш» бар деп пайымдайтын, биологиядағы идеалистік ағым» [3, 311].

Демек, «өміршендік» немесе «виталдылық» тек тілдік категория емес, ол ең алдымен, философтар мен биологтардың «адам мен тіл», «тіл мен қоғам» арасындағы байланыстарды анықтауға деген іс-әрекеттерінің жемісі. Соның есебінен, қазіргі ғылымда «витализм» немесе қазақша айтқанда, «өміршендік» жаңа ғылыми-зерттеу парадигмасы ретінде қарастырылады. Бұл туралы белгілі профессор Б. Момынова зерттеу мақаласында былай дейді: «Соңғы кездерде өміршендік термині тіл білімінде жиі қолданылады. Өйткені, тіл жанды құбылыс, саналы тіршілік иесі адамға қызмет етеді, осы қызмет ету барысындағы тілдің мүмкіндігі мен әлеуеттілігі, яғни виталдылығын анықтаумен байланысты болғандықтан, ғылыми еңбектерден жиі ұшырататын болдық» [4, 76-77].

Тіл өміршендігі дегеніміздің өзі – тілдің өмір сүруі үшін күресі. Сондықтан да өміршендік ұғымы туралы сөз қозғалған-

да, көбіне тілдің ішкі мүмкіндігінен гөрі сыртқы экстралингвистикалық әсерлерге байланыстырылады. Орыс халқының белгілі зерттеушісі Д. И. Петренконың сөзімен айтқанда: «Витальность языка – жизненность языка, его свойства, имеющие отношение к явлением жизни» [5].

Тіл өміршеңдігі, түптеп келгенде әдеби тілдің өміршеңдігін лингвистикалық заңдылықтар мен қағидалар негізінде зерттеп-зерделеу жолындағы бірнеше мәселелерді анықтап береді. Профессор Б. Момынова ондай міндеттер қатарын төмендегіше көрсетіп берген [4, 77-78]. Ол:

– тіл экологиясы (тілге деген технократтық көзқарастарға, менсінбеушілік пікірлерге тойтарыс беріп отыру);

– тілдің демократиялануы (әдеби тілдің ауызекі тіл нормаларына бет бұруы, мұның өзі әдеби тіл ұғымын енді қай тұрғыда қарастыру керек деген сауалды тудырады);

– тілдік норманың сақталуы (норма мен норма емес өлшемдердің критерийлерін, норманың кезеңдік сипаты барын білу, тіл деңгейлерінің нормативтерін оқыту);

– ауызша әдеби тіл мен жазба тілдегі тіл мәдениетін сақтау, үлкен мегаполис тұрғындары тілінің, яғни қала тілінің әлеуметтік-лингвистикалық жай-күйін, коммуникативтік қызметін түбегейлі зерттеу, сол арқылы әдеби тілдің әлеуметтік негізі туралы пікір-көзқарастарды қайтадан екшеу;

– БАҚ-ты пайдалана отырып, норма бұзушылықтардың жолын кесу және балама терминдердің ұтымды және ыңғайлы варианттарын іріктеу, жаңа номинатив сөздер мен тіркестерді нормаландыру;

– әдеби тілдің кодификацияланған, тұрақтандырылған, әрі ырықтандырылған нормаларының бұзылуын талқыға салып отыру, сол арқылы қазақ әдеби тілінің қоғамға қызмет ету мүмкіндігін арттыруға;

– қазақ тілін жаңа технологиялар мен ірі қаржылық салаларының, яғни банктердің, экономиканың тіліне айналдыруға күш салу, т. б. тұрады.

Осы тұрғыдан келгенде, қазақ әдеби тілінің тарихы – тіл өміршеңдігін қалыптастыратын тілдік бірліктер мен өлшемдердің өмірге келген кезеңі болып табылады.

Тіл өміршеңдігі – жанды құбылыс екенін ескерсек, қазіргі қазақ әдеби тілінің ішкі даму жүйесі жоғарыда аталған мәселелерге қатыссыз, өзіндік табиғи даму үдерісінде өткені мен бүгін өзгермеген бір ғана факторды байқадық. Ол – адамдық фактор.

Адамдық фактор – әдеби тіл жүйесінің бірден-бір тетігі. Әдеби тіл жүйесі – жанды жүйе

ретінде қоғамға, ұлтқа қызмет етеді. Әдеби тіл жүйесінде қалыптасқан нормалар мен ұстанымдар (критерийлер) бар. Мұндай заңдылықтар «жазылмаған заң» сияқты көзге көрінбей, қолға ұсталмай өз ыркына бұрып, өздігінше дамып, іске асып жататын жанды жүйені құрайды. Әдеби тіл жүйесіндегі ең басты қозғаушы күш ол – адам. Қоғам мен әдеби тіл арасындағы қарым-қатынас, адам мен тіл арасындағы қарым-қатынастай. Ол экстралингвистикалық әсерлерге ұшырағанымен, «әдеби тіл жүйесінің жазылмаған заңдарынан» үстем бола алмайды. Сол нормалар мен ұстанымдар (критерийлер) адамдық фактор есебінен өзгеріп те отырады, бірақ түпкі маңызынан қол үзбейтіні ақиқат.

Әдеби тіл нормалары туралы пікір білдірген зерттеуші Әсет Болғанбайұлы мен Ғабдолла Қалиұлы «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты еңбекте былай деген: «Әдеби тіл нормалары қатып қалған, өзгермейтін, дамымайтын құбылыс емес. Ол үнемі дамып, жетіліп отырады. Бұған мысал ретінде қазақтың қазіргі әдеби тіліне дейін өзіндік нормалары бар ауызша әдеби тілі, жазба әдеби тілдің ертеректегі нұсқалары болғанын айтса да жеткілікті» [6, 31].

Демек, әдеби тіл жүйесі – кез-келген ортада жүзеге асады. Ал тіл үшін күрес – саяси күрес болса, адам – сол халықтың перзенті ретінде өз «әдеби тіл жүйесін» жоғалтпауға тырысу керек.

Әдеби тіл жүйесі – дербес қаланған жүйе емес, бірақ даму бағдары жаратылыстан белгіленген жүйе болып табылады. Сондықтан да, белгілі профессор, ғалым Р. Сыздық «Сөздер сөйлейді» деп бекер айтпаған.

Әдеби тіл – көркем сөзбен көмкерілген сөздерден ғана тұрмайды. Бұл туралы қазақ тілі білімінің көрнекті өкілі М. Балақаев «Қазақ әдеби тілі және оның нормалары» атты еңбегінде, кейбір ғалымдарымыз ақын-жазушылардың өздеріне тән сөз қолданыстарын болатынын да әдеби тілдің басты белгісінің бірі деп қарайды, дей келе ойын былай тұжырымдайды: «Көркем сөз, образды тіл өрнектері көркем әдебиет тіліне тән. Олардың негізін көркем әдебиет ауызекі тілден, фольклор тілінен алды да, жазушының творчестволық лабораториясында олар одан әрі дамытылады, қыруар түрлі жаңа образдар, көркем сөз орамдары жасалады. Алайда көркем әдебиет тілі – әдеби тілдің бір бұтағы болғанымен, оның бойында болатын жоғары қасиеттер жалпы «әдеби тіл» ұғымының сипаттамасы бола алмайды» [7, 26].

Әдеби тілдің мазмұны өте кең. Профессор Мәулен Балақаевша айтқанда, әдеби тіл дегеніміз – жазба әдебиет арқылы жалпыға бірдей ортақ нормалары қалыптасқан, стильдік тармақ-

тары сараланған, қоғамдық қызметі әр алуан халық тілінің жоғары формасы [7, 29].

Ал, академик Н. Сауранбаев болса, әдеби тіл табиғатын: «Әдеби тілдің де жалпыхалықтық сипаты бар, бірақ әдеби тілдің жалпыхалықтық сипаты халық, қоғам өмірінің барлық салаларында қолданылуында, халықтың сан алуан тілегін қанағаттандыруға қызмет етуінде. Яғни әдеби тіл – қоғам өмірінің барлық деңгейіне қызмет етіп, қажеттілікті өтейтін сапасы да, салмағы да жалпыхалықтық тілден де, тілдің басқа түрлерінен де бөлек тіл» [8, 11] деп жеткізеді.

Осындай анықтамалар легіне қарап, «әдеби тіл» немесе «қазақ әдеби тілі» ұғымдарының арнасы кең екендігі, олардың уақыт пен кеңістік жағдайына бейімділігі, тұрақты логикалық аксиомасының түрлілік қасиетіне ие екендігін аңғара түсеміз.

Қазақ әдеби тілін «өміршеңдік» өлшемі негізінде талдаудың бірнеше ғылыми-теориялық жетістіктері бар:

– Қазақ әдеби тілі жаңа ізденістер нәтижесінде тың тұжырымдармен толықтырылды;

– Қазақ жазба әдеби тілінің әлеуметтік негізі қала тілі проблемасымен ұштастырыла қарастырылды;

– Әдеби тілдің функционалды стильдік тармақтарындағы жанрлық өзгерістер арқылы тілдің қоғамдағы коммуникативтік-танымдық рөлі айқындалды.

– Жаһандану процесінің тілге әсері және ғылыми тілдегі сапалық өзгерістер анықталды;

– Дәуірдің жағдаяттық талабына сай, білім-ғылым саласындағы бәсекелестік тің сапа белгісін арттыруға өз мүмкіндігінше үлес қосады [9, 4].

Қазақ әдеби тілінің өміршеңдігі қазақтың тілімен, ділімен, салтымен, болмыс-бітімімен, табиғаты мен талғамымен бірге, ұлт пен сол тілде сөйлейтін ұлттық код тасымалдаушыларымен ғана өзінің «қазақтың әдеби тіліне» лайықты сипатын жоғалтпақ емес.

Әдебиеттер

- 1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 2 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. Н. Әшімбаева, С. Ақаев, Қ. Рысбергенова және т. б. – Алматы: Арыс, 2007. – Т. 4. – 752 б.
- 3 Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі) / Құраст.: Н. Уәли, Ш. Құрманбайұлы, М. Малбақов, Р. Шойбеков және т. б. – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.
- 4 Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің өміршеңдігі / ПМУ хабаршысы. Филологиялық сериясы. – Павлодар, 2010. – № 3.
- 5 Петренко Д.И. Лингвистический витализм метапоэтики К.И. Чуковского: дисс. на соиск. уч. ст. доктора филол. наук. – Ставрополь, 2011. – С. 538.
- 6 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ф. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
- 7 Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Ғылым, 1984. – 184 б.
- 8 Сауранбаев Н.Т. Қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеу туралы // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. – Алматы: Қазақ ССР Академиясы, 1963. – 3 шығуы. – 256 б.
- 9 Қазіргі қазақ тілінің функционалды стильдік құрамының эволюциясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 262 б.

References

- 1 Qazaq tilining tu'sindirme so'zdigi / Jalpi' redaksi'yasi'n basqarghan T. Januzaqov. – Almati': Dayk-Press, 2008. – 968 b.
- 2 Qazaq a'debi'' tilining so'zdigi. On bes tomdi'q / Qurast. N. A'shimbaeva, S. Aqaev, Q. Ri'sbergenova ja'ne t. b. – Almati': Ari's, 2007. – T. 4. – 752 b.
- 3 Qazaq so'zdigi (Qazaq tilining birtomdi'q u'lken tu'sindirme so'zdigi) / Qurast.: N. Wa'li'', Sh. Qurmanbayuli', M. Malbaqov, R. Shoybekov ja'ne t. b. – Almati': Da'wir, 2013. – 1488 b.
- 4 Momi'nova B. Qazaq a'debi'' tilining o'mirshengdigi / PMW habarshi'si'. Fi''logi''yali'q seri''yasi'. – Pavlodar, 2010. – № 3.
- 5 Petrenko D.I. Lingvisticheskij vitalizm metapoetiki K.I. CHukovskogo: diss. na soisk. uch. st. doktora filol. nauk. – Stavropol', 2011. – S. 538.
- 6 Bolghanbayuli' A', Qali'uli' Gh. Qazirgi qazaq tilining leksi''kologi''yasi' men frazeologi''yasi'. Oqw qurali'. – Almati': Sanat, 1997. – 256 b.
- 7 Balaqaevev M.B. Qazaq a'debi'' tili ja'ne oni'ng normalari'. – Almati': Ghi'li'm, 1984. – 184 b.
- 8 Sawranbaev N.T. Qazaq a'debi'' tilining tari''hi'n zertteu twrali' // Qazaq tili tari''hi' men di''alektologi''yasi'ni'ng ma'seleleri. – Almati': Qazaq SSR Akademi''yasi', 1963. – 3 shi'ghwi'. – 256 b.
- 9 Qazirgi qazaq tilining fwnkci''onaldi' sti''l'dik qurami'ni'ng e'volyuci''yasi'. – Almati': Qazaq wni''versi''teti, 2010. – 262 b.